

"Тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау және өткізу мониторингі бойынша мәліметтер ұсынудың қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 31 қазандағы № 92 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 14 қыркүйектегі № 373 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 2 қазанда № 17468 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң

ескертпесі !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз.

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау және өткізу мониторингі бойынша мәліметтер ұсынудың қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 31 қазандағы № 92 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9957 болып тіркелген, 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 59 (28537) "Егemen Қазақстан" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау, тиеп-жөнелту және өткізу мониторингі бойынша мәліметтер ұсыну қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе бөлігі (кіріспесі) мынадай редакцияда жазылсын:

"Газ және газбен жабдықтау туралы" 2012 жылғы 9 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабының 13) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңы 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау, тиеп-жөнелту және өткізу мониторингі бойынша мәліметтер ұсыну қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау және өткізу мониторингі бойынша мәліметтер ұсынудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Газ өнеркәсібін дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, бұл ретте Қағидалардың 14-тармағы 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады және Қағидалардың 15-тармағы 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министри

К. Бозымбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігінің

Статистика комитеті

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрлік  
2018 жылғы 14 қыркүйектегі  
№ 373 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрлік  
2014 жылғы 31 қазандығы  
№ 92 бұйрығымен  
бекітілген

**Тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндіру,  
тасымалдау (тасу), сақтау, тиеп-жөнелту және өткізу мониторингі бойынша  
мәліметтер ұсыну қағидалары**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау, тиеп-жөнелту және өткізу мониторингі бойынша мәліметтер ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Газ және газбен жабдықтау туралы" 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабының 13) тармақшасына сәйкес әзірленді және тауарлық, сұйытылған мұнай газын және сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау, тиеп-жөнелту және өткізу мониторингі бойынша мәліметтерді ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) уәкілетті орган – газ өндіруді, тасымалдауды (тасуды), сақтауды және көтерме саудада өткізуді, сондай-ақ тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізуді және тұтынуды мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) уәкілетті органның ақпараттық жүйесі – жер қойнауын пайдалану саласындағы ақпаратты жинауға, сақтауға, талдауға және өндеуге арналған "Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірынғай мемлекеттік жүйесі" интеграцияланған ақпараттық жүйесі.

3. Уәкілетті орган:

1) тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндіру көлемдерінің мониторингін;

2) тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды тасымалдау (тасу) және сақтау көлемдерінің мониторингін;

3) тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өткізу, оның ішінде Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерге экету және Қазақстан Республикасының аумағына әкелу көлемдерінің мониторингін;

4) Қазақстан Республикасында өткізілетін тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газдың көтерме және бөлшек сауда бағаларының мониторингін;

5) сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды Қазақстан Республикасының өнірлеріне және межелі елдері бойынша Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерге тиеп-жөнелту көлемдерінің мониторингін;

6) Қазақстан Республикасының тауарлық газға және сұйытылған мұнай газына деген ішкі қажеттіліктерінің мониторингін қамтитын тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау, тиеп-жөнелту және өткізу мониторингін жүзеге асырады.

## **2-тарау. Мәліметтер ұсыну тәртібі**

4. Тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау, тиеп-жөнелту және өткізу мониторингі бойынша мәліметтерді облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары, ұлттық оператор, өндірушілер, тауарлық және (немесе) сұйытылған газды бөлшек және (немесе) көтерме саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар, газ тасымалдау және газ тарату ұйымдары ұсынатын мәліметтердің негізінде уәкілетті орган қалыптастырады.

5. Ұлттық оператор уәкілетті органға:

1) осы Қағидаларға 1, 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау және оны тауарлық газ қоймаларында сақтау көлемдері туралы мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырмасынан кешіктірмей;

2) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттің артықшылықты құқығы шенберінде сатып алған шикі және тауарлық газдың көлемдері туралы мәліметтерді жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші ақпанынан кешіктірмей;

3) осы Қағидаларға 4-қосымшага сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының тауарлық газға деген ішкі қажеттіліктерінің алдағы күнтізбелік жылға арналған болжамын жыл сайын, жоспарланған кезең басталғанға дейін кемінде үш ай бұрын ұсынады.

6. Тауарлық газды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар уәкілетті органға тауарлық газды, оның ішінде тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген газды өткізу туралы мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырмасынан кешіктірмей осы Қағидаларға 5-қосымшага сәйкес нысан бойынша ұсынады.

7. Өндірушілер уәкілетті органға:

1) осы Қағидаларға 6-қосымшага сәйкес нысан бойынша тауарлық және сұйытылған табиғи газ өндіру жөніндегі мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінен кешіктірмей;

2) осы Қағидаларға 7-қосымшага сәйкес нысан бойынша тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндірудің алдағы бес жылға арналған болжамды көлемін жыл сайын, жоспарланған кезең басталғанға дейін үш айдан кешіктірмей ұсынады.

8. Сұйытылған мұнай газын өндірушілер ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей уәкілетті органға осы Қағидаларға 8-қосымшага сәйкес нысан бойынша:

1) меншікті сұйытылған мұнай газын өндіру көлемдері туралы мәліметтерді;

2) меншік құқығында немесе өзге де занды негіздерде басқа тұлғаларға тиесілі көмірсүтек шикізатынан сұйытылған мұнай газын өндіру қолемдері туралы мәліметтерді;

3) Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспары (бұдан әрі –өнім беру жоспары) шеңберінде сұйытылған мұнай газын тиеп-жөнелту және (немесе) өткізу жөніндегі мәліметтерді;

4) өнім беру жоспарынан тыс сұйытылған мұнай газын тиеп-жөнелту және (немесе) өткізу жөніндегі мәліметтерді ұсынады.

9. Өздеріне меншік құқығында немесе өзге де занды негіздерде тиесілі көмірсүтек шикізатын қайта өндеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газының меншік иелері уәкілетті органға осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнім беру жоспары шеңберінде сұйытылған мұнай газын тиеп-жөнелту және (немесе) өткізу жөніндегі мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей ұсынады.

10. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары уәкілетті органға:

1) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың он бесінші күнінен кешіктірмей:

осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында сұйытылған мұнай газын өткізу және тұтыну жөніндегі мәліметтерді;

осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында сұйытылған мұнай газының көтерме және бөлшек сауда бағалары жөніндегі мәліметтерді;

2) осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында сұйытылған мұнай газын тұтынудың алдағы күнтізбелік жылға арналған болжамын жыл сайын, жоспарланған кезең басталғанға дейін үш айдан кешіктірмей ұсынады.

11. Сұйытылған табиғи газды көтерме саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар уәкілетті органға сұйытылған табиғи, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өндірілген және тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген газды өткізу туралы мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінен кешіктірмей осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

12. Кеден ісі саласындағы уәкілетті орган ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың он бесінші күнінен кешіктірмей осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға:

1) тауарлық газды құбыржол көлігімен Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге және Қазақстан Республикасының аумағына тасымалдау туралы;

2) сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды теміржол, автомобиль, құбыржол, теңіз және ішкі су көлігімен Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерге әкету және Қазақстан Республикасының аумағына әкелу туралы мәліметтерді ұсынады.

13. Тауарлық және сұйытылған мұнай газын өндіру, өткізу және тұтыну мониторингі деректерінің негізінде уәкілетті орган облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары, ұлттық оператор, өндірушілер, тауарлық және (немесе) сұйытылған мұнай газын көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар, газ тасымалдау және газ тарату үйимдары оған ұсынатын мәліметтердің негізінде Қазақстан Республикасының аумағында тауарлық және сұйытылған мұнай газын өндірудің, өткізу мен тұтынудың алдағы құнтізбелік жылға арналған болжамды балансын жасайды.

14. Осы Қағидалардың 12-тармағында көзделген мәліметтерді қоспағанда, осы Қағидаларда көзделген мәліметтер уәкілетті органға қағаз және (немесе) электрондық түрде уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталған уәкілетті органның ақпараттық жүйесінің экрандық нысанын толтыру арқылы ұсынылады.

15. Осы Қағидалардың 12-тармағында көзделген мәліметтерді қоспағанда, осы Қағидаларда көзделген мәліметтер уәкілетті органға электрондық түрде уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталған уәкілетті органның ақпараттық жүйесінің экрандық нысанын толтыру арқылы ұсынылады.

Тауарлық, сұйытылған мұнай  
және сұйытылған табиғи газды  
өндіру, тасымалдау (тасу),  
сақтау, тиеп-жөнелту және  
өткізу мониторингі бойынша  
мәліметтер ұсыну  
қағидаларына 1-қосымша  
Әкімшілік деректерді  
жинауга арналған нысан

## **Тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау көлемдері туралы мәліметтер**

Нысан индексі: 1 ТГТК

Кезеңділігі: ай сайын.

Ақпарат ұсынатын тұлғалар шеңбері: ұлттық оператор.

Нысан қайда ұсынылады: уәкілетті органға.

Нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырмасыншы күнінен кешіктірмей;

"    " 20 жылғы есептік кезең

Тасымалдау көлемдері, мың м3

№	2.1 Тауарлық газды ішкі жеткізу (Магистральдық тұтынушының, өңір атауы, ӘАОЖ бойынша коды)	газ құбыры	кантар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр
1							
2							
3							
...							
I ш к i							
тасымалдаудың							
жиныны							

## продолжение таблицы

## продолжение таблицы

Қазақстандық газ  
экспортynyң  
жиныны

**продолжение таблицы**

Тасымалдау көлемдері, мың м3

шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан	жыл басынан бері

№	2 . 4 Тауарлық газ импорты(ел)	Магистральдық газ құбыры	Тасымалдау көлемдері, мың м3				
			кантар	акпан	наурыз	сәуір	мамыр
1							
2							
3							
...							
Тауарлық газ импортының жиныны							

**продолжение таблицы**

Тасымалдау көлемдері, мың м3

шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан	жыл басынан бері

Атауы: \_\_\_\_\_ Мекенжайы: \_\_\_\_\_

Тел.: \_\_\_\_\_ Электрондық мекенжайы: \_\_\_\_\_

Орындаушы: \_\_\_\_\_ Тел.: \_\_\_\_\_

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Басшы: \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бас бухгалтер: \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Ескертпе:

Тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау көлемдері туралы мәліметтерді толтыру бойынша түсіндірме.

1. Нысанды ұлттық оператор толтырады және ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырmasынан кешіктірмей уәкілетті органға ұсынады.

2. Нысан былайша толтырылады:

"№" деген 1-бағанда тізім бойынша реттік нөмірі көрсетіледі, бұл ретте кейінгі ақпарат реттік нөмірлеуді үзбеуі тиіс;

"Тауарлық газды ішкі жеткізу (тұтынушының, өнір атауы, ӘАОЖ бойынша коды)" деген 2.1.- бағанда тауарлық газ тасымалданатын облыс, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы, магистральдық газ құбырынан бастап газ тұтынатын жүйелерге дейін тауарлық газ тасымалданатын газ таратушы ұйымдарды көрсете отырып, Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішінің кодына сәйкес тауарлық газ тасымалданатын облыс, республикалық маңызы бар қаланың, астананың коды көрсетіледі;

"Тауарлық газдың халықаралық транзиті (ел)" деген 2.2-бағанда тауарлық газ тасымалданатын участеклердің атауларын көрсете отырып, газ келетін елдің атауы көрсетіледі;

"Қазақстандық тауарлық газ экспорты (кен орнының, тауарлық газ өндіруші мен жеткізушінің атауы)" деген 2.3-бағанда тауарлық газ тасымалданатын участеклердің атауларын көрсете отырып, газ өндіруші компанияның атауы немесе тауарлық газдың экспортқа тасымалдануы жүргізілген кен орнының атауы көрсетіледі;

"Тауарлық газ импорты (ел)" деген 2.4-бағанда тауарлық газ тасымалданатын участеклердің атауларын көрсете отырып, газ келетін елдің атауы көрсетіледі;

"Магистральдық газ құбыры" деген 3-бағанда тауарлық газдың тасымалдануы жүргізілген магистральдық газ құбырының атауы көрсетіледі;

"Қаңтар" деген 4-бағанда, "Ақпан" деген 5-бағанда, "Наурыз" деген 6-бағанда, "Сәуір" деген 7-бағанда, "Мамыр" деген 8-бағанда, "Маусым" деген 9-бағанда, "Шілде" деген 10-бағанда, "Тамыз" деген 11-бағанда, "Қыркүйек" деген 12-бағанда, "Қазан" деген 13-бағанда, "Қараша" деген 14-бағанда, "Желтоқсан" деген 15-бағанда 2.1, 2.2, 2.3, 2.4-бағандарға сәйкес айлар бойынша көрсеткіштердің мәні көрсетіледі;

"Жыл басынан бері" деген 16-бағанда 2.1, 2.2, 2.3, 2.4-бағандар бойынша қантардан бастап есепті айды қоса алған кезеңдегі мәндердің жиынтығы көрсетіледі.

Аббревиатураның толық жазылуы:

ӘАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші.

Тауарлық, сұйытылған мұнай  
және сұйытылған табиғи газды  
өндіру, тасымалдау (тасу),  
сақтау, тиеп-жөнелту және  
өткізу мониторингі бойынша  
мәліметтер ұсыну қағидаларына

2-қосымша

Әкімшілік деректерді  
жинауга арналған нысан

## Тауарлық газды тауарлық газ қоймаларында сақтау жөніндегі мәліметтер

Нысан индексі: 2 ТГКС

## Ақпарат жинау кезеңділігі: ай сайын.

## Ақпарат ұсынатын тұлғалар шеңбері: ұлттық оператор.

Нысан қайда ұсынылады: уәкілетті органға.

Нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырмасынышы күнінен кешіктірмей;

--	--	--	--	--	--	--	--	--

Атауы: \_\_\_\_\_ Мекенжайы: \_\_\_\_\_

Тел.: \_\_\_\_\_ Электрондық мекенжайы: \_\_\_\_\_

Орындаушы: \_\_\_\_\_ Тел.: \_\_\_\_\_

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Басшы: \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бас бухгалтер: \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Ескертпе:

Тауарлық газды тауарлық газ қоймаларында сақтау жөніндегі мәліметтерді толтыру бойынша түсіндірме.

1. Нысанды ұлттық оператор толтырады және ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырmasынан кешіктірмей уәкілетті органға ұсынады.

2. Нысан былайша толтырылады:

"№" деген 1-бағанда тізім бойынша реттік нөмірі көрсетіледі, бұл ретте кейінгі ақпарат реттік нөмірлеуді ұзбеуі тиіс;

"Айдың басындағы газ қоры, оның ішінде (иелерін көрсете отырып):" деген 2.1-бағанда кезең басында көлемі сақталатын тауарлық газ иелерінің атауы көрсетіледі;

"Бір айда айдалғаны, оның ішінде (иелерін көрсете отырып):" деген 2.2-бағанда қоймаға газ көлемі айдалған компанияның атауы көрсетіледі;

"Бір айда алынғаны, оның ішінде (иелерін көрсете отырып):" деген 2.3-бағанда газ көлемі қоймадан алынған компанияның атауы көрсетіледі;

"Айдың сонындағы газ қоры, оның ішінде (иелерін көрсете отырып):" деген 2.4-бағанда, кезең сонында көлемі сақталатын тауар газы иелерінің атауы көрсетіледі;

"қантар" деген 3-бағанда, "ақпан" деген 4-бағанда, "наурыз" деген 5-бағанда, "сәуір" деген 6-бағанда, "мамыр" деген 7-бағанда, "маусым" деген 8-бағанда, "шілде" деген 9-бағанда, "тамыз" деген 10-бағанда, "қыркүйек" деген 11-бағанда, "қазан" деген 12-бағанда, "қараша" деген 13-бағанда, "желтоқсан" деген 14-бағанда 2.1, 2.2, 2.3-бағандарға сәйкес айлар бойынша көрсеткіштердің мәні көрсетіледі;

"жыл басынан бері" деген 15-бағанда 2.2, 2.3, 2.4-бағандар бойынша қантардан бастап есепті айды қоса алған кезеңдердің жиынтығы көрсетіледі.

Тауарлық, сұйытылған мұнай  
және сұйытылған табиғи газды  
өндіру, тасымалдау (тасу),  
сақтау, тиеп-жөнелту және  
өткізу мониторингі бойынша  
мәліметтер ұсыну қағидаларына  
3-қосымша

## Мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде сатып алынған шикі және тауарлық газ көлемдері туралы мәліметтер

"\_\_\_" 20\_\_ жылғы есептік кезең

Нысан индексі: 3 ШТГС

Ақпарат жинау кезеңділігі: жыл сайын.

Ақпарат ұсынатын тұлғалар шеңбері: ұлттық оператор.

Нысан қайда ұсынылады: уәкілетті органға.

Нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші ақпанынан кешіктірмей.

Атауы (өнір және жер қойнауын пайдаланушы-компания)	Ә А О Ж бойынша аумақтың коды	Кен орны	Шекті баға (уәкілетті органмен бекітілген), тенге/мың м3		Газды сатып алудың бағасы		Газды сатып алу көлемі, мың м3	
			шикі газ	тауарлық газ	шикі газ	тауарлық газ	шикі газ	тауарлық газ
1	1.1	2	3.1	3.2	4.1	4.2	5.1	5.2
1-облыс								
1-жер қойнауын пайдаланушы								
2-жер қойнауын пайдаланушы								
...								
2-облыс								
1-жер қойнауын пайдаланушы								
2-жер қойнауын пайдаланушы								
...								

Атауы: \_\_\_\_\_ Мекенжайы: \_\_\_\_\_

Тел.: \_\_\_\_\_ Электрондық мекенжайы: \_\_\_\_\_

Орындаушы: \_\_\_\_\_ Тел.: \_\_\_\_\_

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Басшы: \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бас бухгалтер: \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Ескертпе:

Мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде сатып алынған шикі және тауарлық газ көлемдері туралы мәліметтерді толтыру бойынша түсіндірме.

1. Нысанды ұлттық оператор толтырады және жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші ақпанынан кешіктірмей уәкілетті органға жібереді.

2. Нысан былайша толтырылады:

"Атауы (облыс және жер қойнауын пайдаланушы-компания)" деген 1-бағанда алдымен облыс атауы көрсетіледі, содан соң осы облыс аясындағы мемлекеттің артықшылықты құқығы шенберінде ұлттық оператор шикі және/немесе тауарлық газды сатып алатын жер қойнауын пайдаланушылардың атауы көрсетіледі;

"ӘАОЖ бойынша коды" деген 1.1-бағанда Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес облыс, республикалық маңызы бар қаланың, астананың коды көрсетіледі;

"Кен орны" деген 2-бағанда 1-бағанға сәйкес қандай да бір жер қойнауын пайдаланушылардың кен орнының атауы көрсетіледі;

"Шекті баға (уәкілетті органмен бекітілген), теңге/мың м3" ("шикі газ") деген 3.1-бағанда 2-бағанға сәйкес кен орындары бойынша мемлекеттің артықшылықты құқығы шенберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі газдың уәкілетті органмен бекітілген бағасы көрсетіледі;

"Шекті баға (уәкілетті органмен бекітілген), теңге/мың м3" ("тауарлық газ") деген 3.2-бағанда 2-бағанға сәйкес кен орындары бойынша мемлекеттің артықшылықты құқығы шенберінде ұлттық оператор сатып алатын тауарлық газдың уәкілетті органмен бекітілген бағасы көрсетіледі;

"Газды сатып алудың бағасы, теңге/мың м3" ("шикі газ") деген 4.1-бағанда 2-бағанға сәйкес кен орындары бойынша шикі газдың сатып алу бағасы көрсетіледі;

"Газды сатып алудың бағасы, теңге/мың м3" ("тауарлық газ") деген 4.2-бағанда 2-бағанға сәйкес кен орындары бойынша тауарлық газдың сатып алу бағасы көрсетіледі;

"Газды сатып алу көлемі, мың м3" ("шикі газ") деген 5.1-бағанда 2-бағанға сәйкес кен орындары бойынша шикі газдың көлемі көрсетіледі;

"Газды сатып алу көлемі, мың м3" ("тауарлық газ") деген 5.2-бағанда 2-бағанға сәйкес кен орындары бойынша тауарлық газдың көлемі көрсетіледі.

Аббревиатураның толық жазылуы:

ӘАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші.

Тауарлық, сұйытылған мұнай  
және сұйытылған табиғи газды  
өндіру, тасымалдау (тасу),  
сақтау, тиеп-жонелту және  
өткізу мониторингі бойынша  
мәліметтер ұсыну қафидаларына  
4-қосымша

Әкімшілік деректерді  
жинауга арналған нысан

# Қазақстан Республикасының тауарлық газға деген ішкі қажеттіліктерінің 20 жылға арналған болжамы жөніндегі мәліметтер

"  " 20 жылғы есептік кезең

Нысан индексі: 4ТГК

Ақпарат жинау кезеңділігі: жыл сайын.

Ақпарат ұсынатын тұлғалар шеңбері: ұлттық оператор.

Нысан қайда ұсынылады: уәкілетті органға.

Нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын, жоспарланған кезең басталғанға дейін үш айдан кешіктірмей;

№	Өнір	ӘАОЖ бойынша коды	Тасымалдау көлемдері, мың м3							
			Қантар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз
1	2	2.1	3	4	5	6	7	8	9	10
	ҚР бойынша барлығы									

продолжение таблицы

Тасымалдау көлемдері, мың м3				
Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Жылға
11	12	13	14	15

Атауы: \_\_\_\_\_ Мекенжайы: \_\_\_\_\_

Тел.: \_\_\_\_\_ Электрондық мекенжайы: \_\_\_\_\_

Орындаушы: \_\_\_\_\_ Тел.: \_\_\_\_\_

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Басшы: \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бас бухгалтер: \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Ескертпе:

Қазақстан Республикасының тауарлық газға деген ішкі қажеттіліктерінің 20 жылға арналған болжамы жөніндегі мәліметтерді толтыру бойынша түсіндірме.

1. Нысанды ұлттық оператор толтырады және жыл сайын, жоспарланған кезең басталғанға дейін үш айдан кешіктірмей уәкілетті органға ұсынады.

2. Нысан былайша толтырылады:

"№" деген 1-бағанда тізім бойынша реттік нөмірі көрсетіледі, бұл ретте кейінгі ақпарат реттік нөмірлеуді ұзбеуі тиіс;

"Өнір" деген 2-бағанда тауарлық газ жеткізілетін облыс, республикалық маңызы бар қала, астананың атауы көрсетіледі;

"ӘАОЖ бойынша коды" деген 2.1-бағанда тауарлық газ жеткізілетін облыс, республикалық маңызы бар қала, астананың Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес коды көрсетіледі;

"қантар" деген 3-бағанда, "ақпан" деген 4-бағанда, "наурыз" деген 5-бағанда, "сәуір" деген 6-бағанда, "мамыр" деген 7-бағанда, "маусым" деген 8-бағанда, "шілде" деген 9-бағанда, "тамыз" деген 10-бағанда, "қыркүйек" деген 11-бағанда, "қазан" деген 12-бағанда, "қараша" деген 13-бағанда, "желтоқсан" деген 14-бағанда 2-бағанға сәйкес тиісті ай бойынша тауарлық газға деген қажеттілік көлемдерінің мәндері көрсетіледі, мың текше м;

"жылға" деген 15-бағанда 2-бағанға сәйкес қантардан бастап есепті айды қоса алған кезендеңі тауарлық газға деген қажеттіліктің жалпы көлемдерінің мәндері көрсетіледі.

Аббревиатураның толық жазылуы:

## ӘАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші.

Таяарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сактау, тиеп-жөнелту және өткізу мониторингі бойынша мәліметтер ұсыну қағидаларына  
5-косымша  
Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

1. Тауарлық газды, оның ішінде тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген газды көтерме саудада өткізу туралы мәліметтер

" " 20 жылғы есептік кезең

Нысан индексі: 5 ТСГӨ

## Ақпарат жинау кезеңділігі: ай сайын.

Ақпарат ұсынатын тұлғалар шеңбері: тауарлық газды көтерме саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар.

Нысан қайда ұсынылады: үәкілетті органға.

Нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырмасынан кешіктірмей.

## продолжение таблицы

тауарлық газды өткізу көлемі, мың текше м.				
қырқүйек	қазан	қараша	желтоқсан	жыл басынан
11	12	13	14	15

Атауы: \_\_\_\_\_ Мекенжайы: \_\_\_\_\_

Тел.: \_\_\_\_\_ Электрондық мекенжайы: \_\_\_\_\_

Орындаушы: \_\_\_\_\_ Тел.: \_\_\_\_\_

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Басшы: \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бас бухгалтер: \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Ескертпе:

Тауарлық, оның ішінде тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген газды өткізу туралы мәліметтерді толтыру бойынша түсіндірме.

1. Нысан тауарлық газды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар толтырылады және уәкілдегі органға ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырмасынан кешіктірмей ұсынылады.

2. Нысан былайша толтырылады:

"Өнір" деген 1 - бағанда тауарлық газ өткізілген облыс, республикалық маңызы бар қала, астананың атауы көрсетіледі;

"ӘАОЖ бойынша коды" деген 1.1 - бағанда тауарлық газ өткізілген облыс, республикалық маңызы бар қала, астананың Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес коды көрсетіледі;

"Көтерме саудада өткізудегі баға, мың м3/тг" деген 2-бағанда тауарлық газдың мың м3 үшін теңгедегі 1-бағанға сәйкес көтерме саудадағы бағасы көрсетіледі;

"қантар" деген 3-бағанда, "ақпан" деген 4-бағанда, "наурыз" деген 5-бағанда, "сәуір" деген 6-бағанда, "мамыр" деген 7-бағанда, "маусым" деген 8-бағанда, "шілде" деген 9-бағанда, "тамыз" деген 10-бағанда, "қырқүйек" деген 11-бағанда, "қазан" деген 12-бағанда, "қараша" деген 13-бағанда, "желтоқсан" деген 14-бағанда 1-бағанға сәйкес тиісті ай бойынша өткізілген тауарлық газы көлемінің мәндері көрсетіледі, мың текше м.;

"жыл басынан" деген 15-бағанда қантар айынан есеп айына дейінгі кезеңдегі мәннің сомасы 1- бағанға сәйкес көрсетіледі.

**2. Тауарлық газды, оның ішінде тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген газды бөлшек саудада өткізу туралы мәліметтер**

" " 20 жылғы есептік кезең

Нысан индексі: 5 ТСГӨБ

Ақпарат жинау кезенділігі: ай сайын.

Ақпарат ұсынатын тұлғалар шеңбері: тауарлық газды бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар.

Нысан қайда ұсынылады: уәкілетті органға.

Нысанда ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырмасынан кешіктірмей.

Өнір атауы	ӘАОЖ бойынша коды	Газды жеткізуші	Газды өткізумен айналысатын субъект	Газды жеткізу көлемі	Өткізу көлемі, мың м3	Газды сатып алу бағасы (мың м3 үшін тенге)	Жабдықтау үстемесі, (мың м3 үшін тенге) Орталық аппарат	Жабдықтау үстемесі, (мың м3 үшін тенге) Өндірістік филиал	Тарату желілеріндегі тариф (мың м3 үшін тенге)	Жіберу тарифі (мың м3 үшін тенге) ҚҚС қоспағанда	Жібтарының (мың м3 үшін тенге) Екінші косалға
1	1.1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Жалпы											

Атауы: \_\_\_\_\_ Мекенжайы: \_\_\_\_\_

Тел.: \_\_\_\_\_ Электрондық мекенжайы: \_\_\_\_\_

Орындаушы: \_\_\_\_\_ Тел.: \_\_\_\_\_

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Басшы: \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бас бухгалтер: \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Ескертпе:

Тауарлық газды, оның ішінде тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген газды бөлшек саудада өткізу туралы мәліметтер бойынша түсіндірме.

1. Нысан бөлшек саудада сатуды жүзеге асыратын тұлғалар толтырылады және уәкілетті органға ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырмасыншы күнінен кешіктірмей ұсынылады.

2. Нысан былайша толтырылады:

"Өнір" деген 1 - бағанда тауарлық газ өткізілген облыс, республикалық маңызы бар қала, астананың атауы көрсетіледі;

"ӘАОЖ бойынша коды" деген 1.1 - бағанда тауарлық газ өткізілген облыс, республикалық маңызы бар қала, астананың Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес аумақ коды көрсетіледі;

"Газды жеткізуші" деген 2- бағанда газды жеткізетін кәсіпорынның атауы көрсетіледі;

"Газды өткізумен айналысатын субъект" деген 3-бағанда газды өткізетін субъектінің атауы көрсетіледі;

"Газды жеткізу көлемі, мың м3" деген 4- бағанда газды жеткізетін кәсіпорынның газ жеткізілген көлемі мың текше метрде көрсетіледі;

"Өткізу көлемі, мың м3" деген 5- бағанда газды жеткізетін кәсіпорынның газ өткізілген көлемі мың текше метрде көрсетіледі;

"Газды сатып алу бағасы, (мың м3 үшін теңге)" деген 6- бағанда сатып алынған газдың бағасы мың текше метрде көрсетіледі;

"Жабдықтау үстемесі, (мың м3 үшін теңге) Орталық аппарат" деген 7 - бағанда орталық аппараттың жабдықтау үсемесі мың текше метр үшін теңгеде көсетіледі;

"Жабдықтау үстемесі, (мың м3 үшінтеңге) Өндірістік филиал" деген 8 -бағанда өндірістік филиалдың жабдықтау үсемесі мың м3 үшін теңгеде көсетіледі;

"Тарату желілеріндегі тариф (мың м3 үшін теңге)" деген 9 - бағанда тарату желілеріндегі мың текше метр үшін теңгедегі тарифтері көсетіледі;

"Жіберу тарифі (мың м3 үшін теңге) ҚҚС қоспағанда" деген 10- бағанда мың текше метр үшін ҚҚС қоспағанда теңгедегі жіберу тарифі көрсетіледі;

"Жіберу тарифі (мың м3 үшін теңге) ҚҚС қоспағанда" деген 11- бағанда мың текше метр үшін ҚҚС қоса алғандағы теңгедегі жіберу тарифі көрсетіледі;

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ӘАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;

## ККС - қосылған күн салығы.

Тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау, тиеп-жөнелту және өткізу мониторингі бойынша мәліметтер ұсыну қағидаларына  
6-косымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Тауарлық және сұйытылған табиғи газды өндіру жөніндегі 20\_ жылғы \_\_\_\_\_  
бойынша мәліметтер

"\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы есептік кезең

Нысан индексі: 6 ТСГӨ

## Ақпарат жинау кезеңділігі: ай сайын.

Ақпарат ұсынатын тұлғалар шеңбері: өндірушілер.

Нысан қайда ұсынылады: уәкілетті органға.

Нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінен кешіктірмей;

	Өлшем бірлігі	Қантар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қазан	Карааша	Желтоқсан	Жыл басына бері
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
1 . 1 Шикізатты өндеу														
Өндіру:														
1 . 2 сұйытылған табиғи газ														
оның ішінде														
1-марка														
2-марка														
...														
1 . 3 тауарлық газ														

Атауы: \_\_\_\_\_ Мекенжайы: \_\_\_\_\_

Тел.: \_\_\_\_\_ Электрондық мекенжайы: \_\_\_\_\_

Орындаушы: \_\_\_\_\_ Тел.: \_\_\_\_\_

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Басшы: \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бас бухгалтер: \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Ескертпе:

Тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндіру жөніндегі 20 жылғы \_\_\_\_\_ бойынша мәліметтерді толтыру бойынша түсіндірме.

1. Нысанды өндіруші толтырады және ай сайын, есептің кейінгі айдаңын бесінен кешіктірмей уәкілдегі органға ұсынады.

2. Нысан былайша толтырылады:

"Шикізатты өндеу" деген 1.1-бағанда тауарлық және сұйытылған газды өндіру үшін есептің кезеңде өнделген шикізат көлемі көрсетіледі;

"Сұйытылған табиғи газ" деген 1.2-бағанда маркасын көрсете отырып, өндірілген сұйытылған табиғи газының есептің айдағы көлемі көрсетіледі;

"Тауарлық газ" деген 1.3-бағанда өндірілген тауарлық газдың есептің айдағы көлемі көрсетіледі;

"Өлшем бірлігі" деген 2-бағанда 1.1, 1.2, 1.3 -бағандарда көрсетілген газ көлемдерінің өлшем бірліктері көрсетіледі;

"қаңтар" деген 3-бағанда, "ақпан" деген 4-бағанда, "наурыз" деген 5-бағанда, "сәуір" деген 6-бағанда, "мамыр" деген 7-бағанда, "маусым" деген 8-бағанда, "шілде" деген 9-бағанда, "тамыз" деген 10-бағанда, "қыркүйек" деген 11-бағанда, "қазан" деген 12-бағанда, "қараша" деген 13-бағанда, "желтоқсан" деген 14-бағанда 1.1, 1.2, 1.3 - бағандардың атауына сәйкес айлар бойынша көрсеткіштерінің мәндері көрсетіледі;

"жыл басынан бері" деген 15-бағандада 1.2, 1.3 -бағандар бойынша қантардан бастап есепті айды қоса алған кезеңдегі мәндердің жиынтығы көрсетіледі.

Тауарлық, сүйытылған мұнай және сүйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау, тиеп-жөнелту және откізу мониторингі бойынша мәліметтер ұсыну қағидаларына 7-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Тауарлық, сүйытылған мұнай және сүйытылған табиғи газды өндірудің 20 - 20 жылдардағы 5 жылға арналған болжамды көлемі жөніндегі мәліметтер

"—" 20 жылғы есептік кезең

Нысан индексі: 7 ТСГӨБК

## Ақпарат жинау кезеңділігі: жыл сайын.

Ақпарат ұсынатын тұлғалар шеңбері: өндірушілер.

Нысан қайда ұсынылады: уәкілетті органға.

Нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын, жоспарланған кезең басталғанға дейін үш айдан кешіктірмей.

оның ішінде						
1-марка						
2-марка						
...						
1 . 3 тауарлық газ						

Атауы: \_\_\_\_\_ Мекенжайы: \_\_\_\_\_

Тел.: \_\_\_\_\_ Электрондық мекенжайы: \_\_\_\_\_

Орындаушы: \_\_\_\_\_ Тел.: \_\_\_\_\_

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Басшы: \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бас бухгалтер: \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Ескертпе:

Тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндірудің 20\_\_ - 20\_\_ жылдардағы 5 жылға арналған болжамды көлемі жөніндегі мәліметтерді толтыру бойынша түсіндірме.

1. Нысанды өндіруші толтырады және жыл сайын, жоспарланған кезең басталғанға дейін үш айдан кешіктірмей уәкілетті органға ұсынады.

2. Нысан төменде көрсетілгендей толтырылады:

"Сұйытылған мұнай газ" деген 1.1-бағанда маркасын көрсете отырып, сұйытылған мұнай газын өндірудің болжанатын көлемдері көрсетіледі;

"Сұйытылған табиғи газ" деген 1.2-бағанда маркасын көрсете отырып, сұйытылған табиғи газын өндірудің болжанатын көлемдері көрсетіледі;

"Тауарлық газ" деген 1.3-бағанда тауарлық газды өндірудің болжанатын көлемдері көрсетіледі;

"Өлшем бірлігі" деген 2-бағанда сұйытылған мұнай және (немесе) сұйытылған табиғи және тауарлық газ көлемдерінің өлшем бірліктері көрсетіледі;

